

*Құжаттар тізбесі толық болып табылмайды,
өйткені нақты жағдайға байланысты қосымша құжаттар талап етілуі мүмкін*

**Заңды тұлға -
Қазақстан Республикасының бейрезиденті
ағымдағы/жинақ шоты**

1. Банктік шот ашуға өтініш (*бланкті Банк береді*);
2. Қолтаңбалардың үлгілері бар құжат, 2 (екі) дана (*бланкті Банк береді*);
3. Қол қою үлгілері бар құжатқа сәйкес ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуге арналған Клиенттің құжаттарына қол қоюға уәкілетті лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі;
4. Клиенттің банктік шотын жүргізуге (банктік шотындағы ақшаны басқаруға) байланысты операцияларды жасау кезінде, қолтаңбалардың үлгілері бар құжатқа сәйкес, төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаға (тұлғаларға) бірінші/екінші қол қою құқығын беру туралы сенімхат;
5. Бейрезидент тұлғаны салық төлеуші ретінде тіркеу туралы тіркеу куәлік;
6. Сауда тізілімінен үзінді көшірме немесе бейрезидент - заңды тұлғаны тіркеген орган туралы ақпаратты қамтитын, тіркеу нөмірі, тіркеу күні мен орны көрсетілген кез келген ұқсас сипаттағы құжат (*апостильденген/заңдастырылған*).

**Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді
заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл
туралы» заңы аясында Клиентті тиісті тексеруге
қажетті құжаттар тізімі**

1. Құрылтайшылық құжаттардың көшірмесі¹ және (немесе) құнды қағаздарды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме (*акционерлік қоғамдар үшін*);
2. Клиенттің мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын құжаттың көшірмесі;
3. Заңды тұлғаның құрылтайшыларының жеке басын куәландыратын немесе мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері (*акционерлік қоғамның, сондай-ақ қатысушыларының тізілімін Орталық депозитарий жүзеге асыратын шаруашылық серіктестіктерінің құрылтайшыларының құжаттарын қоспағанда*), сондай-ақ заңды тұлғаның бенефициар меншік иелерінің жеке бас куәліктері (*бенефициар меншік иесі заңды тұлғаның құрылтайшысы болып табылатын және акционерлер (қатысушылар) тізілімінен үзінді көшірме негізінде анықталған жағдайларды қоспағанда*);
4. Рұқсат көшірмесі (*егер клиенттің қызметі Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңына сәйкес лицензиялау арқылы немесе рұқсат беру рәсімі арқылы жүзеге асырылған жағдайда*);
5. Заңды тұлға – клиенттің сауалнамасы, FATCA/ЭБДҰ заңды тұлға – клиенттің сауалнамасы (ҚР-нан басқа салық резиденттері үшін) (*Банк бланкті ұсынады*);
6. Лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) Клиенттің атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасауға, оның ішінде Клиенттің ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға арналған құжаттарына қол қоюға өкілеттігін растайтын құжаттар (*Клиенттің уәкілетті органының бірінші басшыны лауазымға тағайындау туралы шешімі, Клиенттің уәкілетті тұлғасының бас бухгалтер лауазымына тағайындау туралы бұйрығы (екінші қолы болған кезде)*);

¹ Егер Клиент Клиенттің қызметі үлгілік жарғы негізінде атқарылғанын растайтын құжатты ұсынса, жарғыны ұсыну талап етілмейді.

7. Егер Клиенттің атынан оның өкілі әрекет етсе (заңды тұлғаның лауазымды тұлғаларын қоспағанда), онда қосымша келесілер сұратылады:

Клиент өкілінің жеке басын куәландыратын құжат;

Клиенттің атынан ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға, оның ішінде Клиенттің құжаттарына қол қоюға Клиент өкілінің өкілеттіктерін растайтын құжаттар.

егер басқасы Қазақстан Республикасы тарапынан ратификациялаған халықаралық келісімдерде қарастырылмаса, бейрезидент-жеке тұлғаның Қазақстан Республикасы аумағына кіру және болу құқығы Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарда тіркелгенін куәландырылатын құжат.